

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ



Әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы
Байтанасова Қарлығаш Медетқызының
60 жас мерейтойына арналған

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»

атты республикалық ғылыми-әдістемелік
семинар (дөңгелек үстел-диалог)

МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана

11 ақпан 2026 жыл



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы
Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған
«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ
ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»
атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог)
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ
республиканского научно-методического семинара (круглый стол-диалог)
«МЕТОДИЧЕСКИЕ И МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ
КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ»,
посвящённого 60-летнему юбилею литературоведа-учёного,
квалифицированного педагога, преподавателя-методиста
Байтанасовой Карлығаш Медетовны

PROCEEDINGS
of the Republican Scientific and Methodological Seminar (Roundtable Discussion–Dialogue)
“METHODICAL AND METHODOLOGICAL FOUNDATIONS OF
KAZAKH LITERATURE”
dedicated to the 60th anniversary of literary scientist, distinguished educator and
educational methodologist **Baitanasova Karlygash Medetovna**

ӘОЖ 821.512.122.0

ББК 83.3 (5Қаз)

Қ17

Жалпы редакциясын басқарған: ф.ғ.к. Бейсенбай А.Б.

Редакция алқасы: С.М. Дүйсенғазы, Ж.Ә. Аймұхамбет, С.Ш. Айтуғанова,
Г.С. Сағынадин, С.А. Сарсембаева.

«Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері» атты әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог) материалдары. 11 ақпан 2026 ж./ Жалпы редакциясын басқарған: Бейсенбай А.Б.– Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2026. – 223 бет.

ISBN 978-601-385-179-2

Жинаққа әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған «Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері» атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог) материалдары енгізілді.

Жинақ жоғары оқу орнының профессорлық-оқытушылық құрамына, орта білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне, докторанттар мен магистранттарға және студенттерге арналған.

ISBN 978-601-385-179-2

ӘОЖ 821.512.122.0

ББК 83.3 (5Қаз)

МАЗМҰНЫ

<i>Құттықтаулар</i>	5
---------------------------	---

ӘДЕБИЕТТАНУ САРБАЗЫ, ӘДІСТЕМЕ ШЕБЕРІ

<i>Тұрысбек Р.С.</i> Ұстаз-ғалым Қ.Байтанасова зерттеулеріндегі С.Мұқанов мұрасы.....	14
<i>Аймұхамбет Ж.Ә.</i> Қарлығаш Байтанасова – ғалым, ұстаз.....	21
<i>Оразбек М.С.</i> Зерделі зерттеуші.....	23
<i>Айтуғанова С.Ш.</i> Ғалым. Әдіскер.Ұстаз.....	28
<i>Ахметова Ж.Қ.</i> Шәкірт жүрегіне жол тапқан ұстаз.....	32
<i>Сағынадин Г.С.</i> Фольклоризм феномені және Қ.Байтанасова зерттеуіндегі фольклорлық дәстүр туралы.....	33
<i>Сердалина С.Қ.</i> Әдіскер-ғалым Қ. Байтанасованың зерттеулеріндегі әдебиетті жоғары мектепте оқытудың кейбір мәселелері.....	37
<i>Алимбаев А.Е.</i> Зерделі ғалымның әдебиеттегі әлемі.....	40
<i>Аманғазықызы М.</i> Жаңа сипатты зерттеу.....	42
<i>Бәшіров Н.Қ.</i> Сөзге адалдық, ғылымға жауапкершілік.....	45
<i>Қасен А.Т.</i> Ғылымға қызмет еткен ұстаз.....	47

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ: ІЗДЕНІС ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ

<i>Жұмагүл С.Б.</i> Тоталитарлық жүйе қысымында қазақ әдебиетін оқытудағы кейбір түйткілдер хақында.....	50
<i>Қасенов С.Т., Мукашева М.К.</i> Қ.Бітібаеваның әдістемесі негізінде жазылым дағдысын дамытудың жолдары.....	54
<i>Қапантайқызы Ш.</i> Әдебиетші ұстаз Қ.Бітібаева еңбектерінің құндылық бағдары.....	58
<i>Шапауов Ә. Қ., Қадыров Ж.Т., Есбатырова Ж.З.</i> Қазақ әдебиетін оқытуда әдеби талдау дағдыларын қалыптастыру.....	67
<i>Қылышбаева К.А.</i> Қазақ тілін меңгертудегі көркем шығарманың рөлі.....	72
<i>Шоқай М.Т.</i> Жаңғыртылған Блум таксономиясы: прозалық туындыны оқыту мен талдаудың тиімді жолдары.....	78
<i>Жорашова А.М.</i> Көркем мәтіндегі автор категориясын оқытудың тиімді жолдары (үлгілік оқу бағдарламасы негізінде).....	84
<i>Ғалымжанова З.Т.</i> Жоғары оқу орындарында Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» мемуарлық романын оқыту әдістері.....	93
<i>Ильясова Г.Ж.</i> Қазақ әдебиетін оқытуда мақал-мәтелдер арқылы кейіпкер мінезін интерпретациялау.....	98
<i>Алыбаева А.У.</i> Читательская грамотность – базовый компонент функциональной грамотности.....	103
<i>Атекеева А.Е.</i> Әдебиеттік оқу пәнін оқыту әдістері.....	107
<i>Аяпбергенова К.С.</i> Развитие педагогической науки: традиции и перспективы.....	111

<i>Байдаулетова З.М.</i> Жасанды интеллект заманындағы қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі.....	117
<i>Ермаганбетова А.Ж.</i> Сюжеттік мәтіндерді оқытуда Storytelling: әлеуметтік жобаларды интеграциялау тәжірибесі.....	120
<i>Жумагулова Ж.Д.</i> Жаһандану жағдайында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби күзіреттілік моделін қалыптастыруда Қ.Бітібаеваның педагогикалық мұрасының маңыздылығы.....	125
<i>Кабдулова А.Т.</i> Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері.....	128
<i>Серикова Ш.Ж.</i> Қазақ әдебиетінің әдістемесі.....	132
<i>Утибаева М.Б.</i> Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту үдерісін жаңғыртудағы жасанды интеллект технологияларының рөлі.....	134
<i>Ибрагимова Г.П.</i> Көркем шығармадағы сөздердің тілтанымдық мәнін оқыту (М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы бойынша).....	138
<i>Карагожина М.М.</i> Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемелік және әдіснамалық негіздері.....	140
<i>Мырзахметова Ж.Д.</i> Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемелік негіздері.....	143
<i>Нұрмахан А. Ә.</i> Әдебиетті оқыту әдіснамасы: проблемалық жағдаяттарды қолдану.....	145
<i>Сенбиева Н.К.</i> Қазақ әдебиеті сабақтарында ұлттық құндылықтарға бағдарлай оқыту жолдары.....	152
<i>Шагирова Д.Р.</i> Әдебиет пәнін оқытудағы жасанды интеллекттің педагогикалық мүмкіндіктері.....	157
<i>Мұса А.С.</i> Креативті жазылымдағы әдіс-тәсілдер.....	160

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ФИЛОЛОГИЯ

<i>Негимов С.Н.</i> Қазақ тілінің өзін білуші жоқ, мәнісін білуші де жоқ.....	167
<i>Мукажанова Л.Г.</i> Культурологические связи русской и казахско поэзии: переводческие аспекты.....	178
<i>Кемеңгер Қ.Р.</i> «Алаш» сөзі: ментальдық-рәміздік негізі.....	189
<i>Бактығалиева Э.С.</i> «Құлагер» поэмасы және ұлттық код: тарихи тұлға Ақан серінің визуалды-нарративтік бейнесі.....	194
<i>Құлиар Б.М.</i> Балалар әдебиетіндегі күлкі поэтикасы: мазақтама мен мөлтек мысалдың тәрбиелік қызметі.....	198
<i>Бағзат Е.</i> Жүсіпбек Аймауытұлы әңгімелеріндегі баяндау жүйесі мен көркемдік кеңістік.....	203
<i>Әбдірасұл Ж.Т.</i> Абай поэзиясындағы «адам» ұғымының берілу сипаты..	208
<i>Сыдық З.С.</i> Қазақ және моңғол демонологиясының ортақ қабаты және діни трансформациясы.....	213
<i>Әлімбаев А.Е.</i> Мұхтар Әуезов шығармаларындағы әділет пен адалдық идеялары.....	219
<i>Аренова Ж.</i> Фариза - ұлт поэзиясының жыршысы.....	222

І.Жансүгіров тарихи деректі ұлттық феноменге айналдырады. Поэма қазақ әдебиетінің ұлттық кодын жаңғыртатын, мәдени жадты сақтайтын маңызды көркем туынды ретінде ғылыми тұрғыда өзектілігін жоғалтпайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Assmann, J. Cultural Memory and Early Civilization. – London: Cambridge University Press, – 2011.- p. 320
2. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, –1998.-384 б.
3. Bal, M. Narratology: Introduction to the Theory of Narrative. – Canada: University of Toronto Press, – 2009. - p.264
4. Жансүгіров, І. Құлагер. – Алматы: Жазушы, – 2004. - 207 б.
5. Kress, G., & van Leeuwen, T. Reading Images: The Grammar of Visual Design. – London: Routledge. – 2006. - p.291
6. Қондыбай, С. Байырғы қазақ дүниетанымының негіздері: энциклопедиялық басылым. – Алматы: Қазақ тілі, –2018. - 467 б.
7. Назарова, Н.А., Мансұров, Н.Б. Батырлар жырындағы зооморфтық мифологемалардың көрінісі. – Алматы: Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы № 1(81), – 2020. - 320 б.
8. Paivio, A. Mental Representations: A Dual Coding Approach. – London: Oxford University Press. – 1990. - p. 322

МРНТИ 17.82.70

Құлшар Бекзат Мнайдарұлы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,

қазақ филологиясы білім беру бағдарламасының

2-курс магистранты, Астана, Қазақстан

bkulshar02@mail.ru

Ғылыми жетекшісі – филология ғылымдарының докторы, профессор
Рақымжан Тұрысбек

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ КҮЛКІ ПОЭТИКАСЫ: МАЗАҚТАМА МЕН МӨЛТЕК МЫСАЛДЫҢ ТӘРБИЕЛІК ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа. Мақалада қазақ балалар әдебиетіндегі сатираның тәрбиелік-эстетикалық қызметі қарастырылады. Негізгі назар мазақтама мен мөлтек мысал жанрларының поэтикалық табиғатына, бала психологиясына ықпал ету тетіктеріне және күлкінің дидактиканы алмастыратын көркемдік мүмкіндіктеріне аударылады. Зерттеу барысында балалар сатирасында мінез кемшіліктерінің (салақтық, жалқаулық, жалтармалық, мақтаншақтық, білімсіздік т.б.) қалайша юмор арқылы әшкереленетіні, шендестіру, антитеза, тосын түйін, тұспал секілді тәсілдердің атқаратын рөлі нақты мәтіндермен талданады. Сондай-ақ сатиралық мәтіннің ықшам формасы мен жеңіл тілі

жас оқырман қабылдауына сай келетіні, күлкі арқылы тәрбиелеу балаға қысымсыз әсер ететіні пайымдалады.

Түйін сөздер: балалар сатирасы, мазақтама, мысал, юмор, тәрбиелік қызмет, тұспал, антитеза, тосын түйін.

Қазақ балалар әдебиетінде сатиралық дәстүрдің тамыры терең. Оның жанрлық өрісі де әр алуан. Мөлтек мысал, мазақтама, сықақ өлең, шағын юморлық сюжеттер арқылы бала бойындағы салақтық, жалқаулық, тентектік, өтірік айту, орынсыз мақтан, білімсіздік сияқты кемшіліктер күлкі нысанына алынады. Мұндай шығармаларда дидактика көбіне тікелей ақыл айту түрінде емес, образды шендестіру, антитеза, қысқа сюжет және тосын түйін арқылы беріледі. Сол себепті сатиралық мәтін баланың есінде ұзақ сақталып, жақсыдан үйренуге, жаманнан жиренуге бағыттайды.

Сатира – тәрбие құралы. Ал тәрбие тал бесіктен басталады. Балаға кемшілігін жекіп түсіндіргеннен гөрі, оны жылы юмормен жөнге салу әлдеқайда ұтымды. Сондықтан болар біршама сатириктер балалар әдебиетінде қалам тербеген. Шона Смаханұлының «Шимайбек пен Шыңқетпе», Оспанхан Әубәкіровтің «Қағаз қалпақ», Көпен Әмірбектің «Алып» секілді кітаптары жас оқырмандар арасында кеңінен тарады. Өйткені «Юмор – балалар поэзиясының жаны. Көңілді өлең бала бойына сіңімді келеді. Күле отырып, күлдіре отырып бүлдіршін жанына ізгілік егуге, жаман қылықтан жирендіруге болады» [1.189].

Сол себепті баланы тәрбиелеудің жанды құралы – күлкі. Қазақ балалар әдебиетінде мөлтек мысал, мазақтама, сықақ өлең сынды сатиралық жанр үлгілері бар. Күлкіге сүйенген осы тәрбие арналарының ішінде мазақтама жанры айрықша орын алады. Бұлар көбіне кейіпкердің атымен ұйқасып келеді. Ал мазмұн өзегінде мінез кемшіліктері әжуаланады. Мұндайда балаға «сен жамансың» деп таңба басылмайды, керісінше оқушы шығармадан өзін танып, келемежден қашып, теріс қылығын түзетуге тырысады.

Байбота Қошым-Ноғайдың «Салақ» мазақтамасы жанр табиғатын дәл көрсететін ықшам үлгі.

«Алмайсың ғой мақтана

Есіміңе, Ақбала.

Үсті-басың, себебі,

Кір-қожалақ, қап-қара.

Беті қара болғанмен,

Тап-таза ғой тақта да!» [2, 197].

Мұнда автор бала бойындағы салақтықты ұзақ ақылмен емес, бір-екі ұтқыр детальмен-ақ әшкерелейді. Сатиралық қуат антитезадан туындап тұр. Яғни есімі Ақбала болғанымен үсті-басы қап-қара баланың бейнесі күлкі шақырады. Соңғы жолдағы «тап-таза ғой тақта да» деген тұспал – ұқыптылықты сырттан іздемей, ең әуелі өзіңнен бастау керегін ұқтыратын өткір ишара. Мұндай жеңіл әжуа оқушыны жекімей-ақ, «мен де осылай көрініп жүрмейін» деген ішкі сақтыққа, өзін жинақы ұстауға жетелейді.

Ал Болат Үсенбаевтың «Жанайдар» мазақтамасы – қиындықтан жалтарып кететін жас оқырмандарға арналған [3,132]. Мұнда негізгі нысана –

Жанайдардың «Р» дыбысын айта алмауы ғана емес, сол кемшілікті айналма жолмен «ыңғайлап алуға» тырысатын әдеті. Ақын «сасатын түрі жоқ» деп, кейіпкердің өзін еркін ұстайтынын көрсетеді, бірақ дәл осы еркіндік оның мәселені шешпей, қулыққа салынуына ұласады. Сатиралық эффект Жанайдардың тапқырлығынан туады. Ол өзін жұртқа «Жанаймын» деп таныстырады, «шаруа» дегенді «іс» дейді, ал «торғайды» жай «құс» дей салады, «қара» деген сөзді «түндей» деп алмастырады. Қысқасы, «Р» дыбысына жоламауға тырысады. Бір қарағанда бұл – сөздік қордың байлығы сияқты. Автор да соны әдейі «синонимге тілі бай» деп «мақтап» өтеді. Бірақ осы «мақтаудың» астарында мысқыл бар. Жанайдар синонимді білім үшін емес, қиын дыбыстан қашу үшін пайдаланады. Демек, мұндағы күлкі – оның тапқырлығына емес, өзін-өзі алдауына бағытталған. «Р» ды үйренбей болмайды, Ойланды ма сол жайлы?!», деп автор риторикалық сұрақ қояды. Осылайша, ақын тапқырлық мәселені айналып өтудің амалы емес, мәселені шешуге жұмсалуды керектігін ұқтырады. Демек, балалар сатирасы бүлдіршінді жекіп ұялтпайды, күлдіре отырып ойландырады.

Ал Ертай Ашықбаевтың «Жанашыр» атты мазақтамасында Есет деген бала ағасының дәптерлерін көзінің қарашығындай сақтап жүреді екен [4,237]. Жұрт оны көрген сайын: «Қандай жанашыр, қандай ұқыпты бала!» деп тамсанып мақтайды. Бірақ бұл «ұқыптылықтың» сыры кейін ашылады. Сөйтсе, Есет дәптерді ағасына жанашыр болғандықтан емес, өзі есейгенде сол есептерді қайтадан жазбай, дайын күйінде көшіріп алу үшін жинап жүрген екен.

Бұл шағын оқиғада сатираның нысанасы – сырт көзге жақсы көрінетін қылықтың астарындағы ниет. Жұрт Есетті «жанашыр» деп бағалайды, өйткені оның әрекеті (дәптерді ұқыптап сақтау) ізгі қасиетке ұқсайды. Алайда автор дәл осы «мақтауды» күлкіге айналдырады. Ұқыптылықтың себебі жауапкершілік не қамқорлық емес, ертеңгі еңбектен қашудың амалы болып шығады. Яғни жақсы ат жамылған жалқаулық әшкереленеді.

Мұндағы күлкі ең алдымен «оқыс бұрылыстан» туындайды. Оқырман да бастапқыда жұртпен бірге Есетті тәртіпті, мейірімді бала деп қабылдап отырады. Бірақ соңғы шешім бәрін төңкеріп тастайды. Сатиралық әсер осы финалдық тосыннан күшейеді. Сол арқылы мәтін баланы біріншіден, мақтауға мастанбауға, екіншіден, өзгеге баға бергенде тек сыртқы көрініске емес, ішкі себебіне де назар аударуға үйретеді.

Балаларға тәрбие берудің тағы бір ұтымды жолы – мысалдап айту. «Үйт», «бүйт» деп құрғақ ақылгөйсiгеннен гөрі, негiзгi идеяны аң-құс, жан-жануардың басынан өткен оқиға ретiнде ұсыну әлдеқайда әсерлi. Мысалдағы ситуациялар оқушының ойында ұзақ сақталады. Тұспалды түсiнген бала жақсыдан үйренiп, жаманнан жиренедi.

Мәселен, Оспанхан Әубәкіровтің «Бұқа мен бұзау» атты мысалында атағына лайықсыз адамдар аяусыз әшкереленеді. [5,87] Мұндағы сюжет мынадай:

Секцияның бастығы, спорт мастері, Республиканың чемпионы, ұрып жыққан он түйені Бұқа Зеңгібабаев жас палуан Бұзаумен тұңғыш рет белдеседі. Сол кезде жиналғандардың бәрі «Ойбай-ау, Бұзау өлмесе еді», деп жандарын

шүберекке түйіп тұрады. Бірақ Бұзаудың сирағы сықырлағанмен, жеңілетін түрі жоқ екен. Тіпті Бұқаның мүйізіне жармасып, оңды-солды соққылайды. Ақыр аяғында Бұзау өктем келіп, Бұқаның аяғы көктен келеді. Мысал соңында автор «Апырай, мұндайды кім көрген? Ал сонда Бұқаға мұнша атақты кім берген?!», деп түйіндейді.

Бұл мысалдың күлкісі сырттай спорт бәсекесі секілді көрінгенімен, астарындағы нысана – атақ-даңқтың әділетсіз үлестірілуі. «Секция бастығы, спорт мастері, чемпион» деген ұзын-сонар атақ Бұқаның шын қуатын дәлелдемейді, керісінше, оның беделі қағаз жүзіндегі «даңқ» екенін аңғартады. Ал жас Бұзаудың қайсарлығы – табиғи күш пен шынайы еңбектің белгісі. Оқырман еңселі «Бұқа» құлайды деп күтпеген жерде жеңістің Бұзауға бұйыруы – қоғамдағы «лауазымы бардың бәрі мықты емес» деген ойды өткір жеткізеді. Сондықтан автордың соңғы сұрағы («Бұқаға мұнша атақты кім берген?!») лайықсызға атақ берген жүйені әшкерелеп, баланы сол жалған беделге алданып қалмауға үйретеді.

Оспанханның «Сүт қалай ұйықтады?» мысалы да балалар ұғымына өте жақын. Алдымен сюжетін қысқаша айтып өтейік. Автор сүтті «адам» сияқты кейіптеп алады, яғни сүт бір күні ұйықтап қалады, қатты ұйықтағаны сонша «ұйып» кетеді. Ел-жұрт қарап отырғанда ол айранға айналып шыға келеді. Сүт ұйқысын қоя алмай жүріп, ақырында «іріп» те кетеді. Мұны әжесі ғана байқап, айранды дорбаға құйып, сары суын ағызады. Сол сары суды жұрт «сүттің көз жасы» деп әзілге айналдырады. Соңында автор балаларға: «Әй, дегенмен, балалар, көп ұйықтаған зиян-ау» деген ой тастайды.

Бұл мысалдың ең ұтымды жері – күнделікті тұрмыстағы кейбір құбылысты баланың қиялына жақын «ұйқы» бейнесімен сөйлетіп беруі. Химия-физика тіліндегі күрделі түсіндірудің орнына автор «сүт ұйықтап қалып, ұйып қалды» деген қызықты логика құрады. Бала үшін бұл өте табиғи үдеріс. Ұйқы мен ұю сөздерінің дыбыстық жақындығы да оқиғаны әсерлі ете түседі. Сол арқылы оқушы бұл үдерісті күлкімен қабылдап, есінде сақтап қалады. Екінші қабаттағы тәрбиелік түйін де жатық берілген. «Ұйқы – дұшпан» деген жолмен автор көп ұйықтаудың зиянын тікелей ақыл айтуға салмай, сүттің басынан өткен «сәтсіздік» арқылы аңғартады. Яғни сүт ұйқыдан оянбай жүріп «іріп қалады», ақырында істің берекесі кетеді. Әженің айранды дорбаға құйып, сары суын ағызуы – ауыл өміріндегі нақты әрекет. Осы бір деталь оқиғаны шынайыландырып, соңындағы «сүттің көз жасы» деген тұспалды күшейтеді.

Балаларға арналған өлең ересектердің сөз саптауымен жазылса, оқырмансыз қалмақ.

Сондықтан балалар поэзиясының тілі ықшам, жеңіл әрі нақты болуы шарт. Осы орайда Табылды Әдібайдың «Мақтаншақ шар» мысалына көз жүгіртейік.

«Менде күш бар! Деді де
Ышқынды шар деміге:
Кеуіп кетіп қарыны
Тарс етті де, жарылды.
Мақтаншақтық – өлім деп,
Айтпаған ғой елім тек» [6,192].

Автор даңғой адамның мінезін алты-ақ жолмен аңғартады. Ал шардың «кеуіп кетіп, жарылуы» – өмірдегі шындыққа жақын көрініс, яғни өзін тым көтерген адам бір күні масқара болады, ақыры «жарылып» тынады. Ең маңыздысы, мұнда тәрбиелік ой дидактика болып жалаң шықпайды. Баланың есінде қалатын нәрсе – дәл осы қысқа көрініс. Сондықтан мәтін оқушыға «мақтанба» деп бұйырып тұрған жоқ, керісінше себебін көрнекі қылып ұқтырып тұр. Мұндай сатира балаларға жеңіл қонады және мінезді түзетуге жұмсақ, бірақ әсерлі ықпал етеді.

Осы секілді «Тентек лақ» мысалында Табылды Әдібай былай дейді:

«Лақ мінез танытты:
Қозыны сүзіп, налытты.
Көп сүзіскен тентектің
Мүйізі сынып қалыпты.
Дос әдепті болмаса,
Достасуың – далбаса» [6,194].

Мұндағы түйін жолдар ерекше маңызды. Автор балаларға «жақсы дос» ұғымын қысқа формулаға сыйғызған, яғни дос болу – бірге жүру емес, әдеп сақтау, шектен аспау, өзгенің көңілін жараламау. Ал әдеп жоқ жерде достық та баянсыз, тіпті мағынасыз әрекетке айналады. Сатираның қуаты да осында, ол «тентек болма» деп бұйырмайды, тентектіктің түбі ұят пен зиянға апаратынын ықшам, ұтымды образбен дәлелдейді.

Ал Байбота Қошым-Ноғай «Мысық пен жарқанат» мысалында бұй дейді:

«Тарғыл мысық санап өзін ептірек
Жүруші еді. Қапа болды ол, міне:
– Тышқандар да ұшатұғын бопты! – деп,
Намыстанды жарқанатты көрді де» [2, 153].

Бұл шумақтағы сатираның өзегі – мысықтың жарқанатты танымай, оны «ұшатын тышқан» деп қате түсінуі. Яғни мәселе жарқанатта емес, мысықтың надандығында. Ол өзіне таныс өлшеммен ғана ойлайды: «тышқан» – жерде жүретін, інге кіретін әлсіздеу жаратылыс; ал «ұшу» – соған «жат» қабілет. Сондықтан мысық үшін бұл жаңалық секілді көрінеді де, ол бекерге қапаланып, намыстанады. Осы арқылы автор өмірдегі бір мінезді әжуалайды. Білімсіз адам көп нәрсеге қате баға беріп, орынсыз күйіп-піседі. Өзгенің табиғи қабілетін, орны мен болмысын білмеген соң, оны бірден бәсеке көріп, «менен асып кетті» деп қабылдайды. Шын мәнінде, жарқанаттың ұшуы – өзіне қалыпты нәрсе. Ал мысықтың «тышқандар да ұшатұғын бопты» деуі – білімнің жетіспеуінен туған күлкілі қорытынды. Сатираның тәрбиелік мәні де осында: қызғаныштың, намыстың өзі кейде надандықтан туады. Адам бір нәрсені анық танып-білмей тұрып, бекерге күйзелмей, алдымен сұрап, зерттеп, түсініп алғаны дұрыс деген ойды автор бір-ақ шумаққа сыйғызған.

Жалпы, сатира оқырманды тек күлдірту үшін жазылмайды. Оның педагогтік тарапы да басым. Сондықтан балалар аудиториясы үшін ең керегі юморлық жылылық екені мәлім. Ал «балалар әдебиеті қанжығаға оңай өңгерілер олжа емес, ол үшін автор баламен балаша ойнай алатын, ойлай алатын бала жүректі пайым иесі болуы тиісті» [7, 67].

Теоретик-ғалым Темірбек Қожакеев 1983 жылы шыққан «Сатиралық жанрлар» еңбегінде «Қазір сатиралық жанрлардың біздегі ең көп жазылып жүргені осы мысал» деген еді [8, 45]. Алайда бұл күні мысал керісінше өте сирек жазылатын болды. Бірақ бұл жанрдың мүмкіндігі сарқылды деген сөз емес. Жоғарыда қарастырылған мәтіндер дәлелдегендей, мысал да, мазақтама да – балалардың психологиясына дәл келетін, тәрбиелік әсері күшті көркем құрал. Оның үстіне қазіргі оқырманның қысқа, нысаналы мәтінге бейімділігін ескерсек, керісінше мысал мен мазақтаманың ықшам табиғаты бүгінгі күнге сай келеді. Ендеше, балалар сатирасын зерттеу, жинақтау және жаңаша жазу – жас ұрпақтың тіл мәдениетін, мінез этикасын, эстетикалық талғамын қалыптастыру тұрғысынан өзекті бағыттардың бірі болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар. – Алматы: «Өркениет», 2003. – 368 б.
2. Қошым-Ноғай Б. Алғашқы мүшел. – Астана: «Педагогика –Пресс Баспа үйі» 2010. – 296 б.
3. Үсенбаев Б. Тәуелсіздік деген не? – Алматы: «Тарпанбаева А.Ш.», 2022. – 240 б.
4. Ашықбаев Е. Туған күн – Алматы: «Хантәңірі», 2015. –342 б.
5. Әубәкіров О. Қағаз қалпақ. – Астана: «Фолиант», 2023. – 128 б.
6. Табылды Ә. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: «Балалар әдебиеті», 2006. – 270 б.
7. Қоныс Л. Ізгілікті іздеу теориясы: – Астана: «Фолиант», 2010. – 176 б.
8. Қожакеев Т. Сатиралық жанрлар. – Алматы: «Мектеп», 1983. – 213 б.

Бағзат Еркежан

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 1 курс магистранты
Астана қ., Қазақстан
(erkezhan.b.04@mail.ru)

Ғылыми жетекші: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, филол.ғ.д. Тұрысбек Р.С.

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ БАЯНДАУ ЖҮЙЕСІ МЕН КӨРКЕМДІК КЕҢІСТІК

Аңдатпа. Мақалада Ж.Аймауытұлының бірқатар әңгімелеріндегі кейіпкер болмысы, кейіпкерлердің көркемдік және психологиялық сипаты жан – жақты талданады. Жазушының идея мен кейіпкер бейнесінің көркемдік мәнін ашу үшін көркемдегіш құралдар мен тәсілдерді қалай, әрі не мақсатта қолданғанына тоқталады.

Түйін сөздер: әңгіме, кейіпкер, психологизм, көркемдік сипат, көркемдік тәсіл.